

*Ұымдасқан қылмыс жағдайындағы
жеке адамның рөлдік жеке аралық
әрекеттестіктерінің
психологиялық ерекшеліктері.*

Сабақ жоспары:

1. Ұымдасқан топ.

*2. Қылмыстық топ пен қауымдастықтағы
лидерлік мәселесі.*

1)Ұйымдасқан топ — қылмыстық құқықта — қылмысқа қатысу нысаны, мұнда қылмысты бір немесе бірнеше қылмыс жасау үшін күні бұрын біріккен адамдардың тұрақты тобы жасайды. Ұйымдасқан топтың міндетті белгілері — алдын ала сөз байласу және тұрақтылық. Ұйымдасқан топтың тұрақтылығы — оның мүшелері арасында тұрақты байланыстың болуы және бір немесе бірнеше қылмысқа дайындалу мен оны жасау әрекетінің айрықша әдістерінің болуы.



Ұйымдасқан топты құрған не оған басшылық еткен адам осы қылмысты ұйымдастырғаны не оған басшылық еткені үшін, сондай-ақ осы қылмыс оның қаскүнемдік ниетімен жасалса, Ұйымдасқан топ немесе қылмыстық сыбайластық (қылмыстық ұйым) жасаған барлық қылмыс үшін қылмыстық жауапқа тартылады. Ұйымдасқан топтың немесе қылмыстық сыбайластықтың (қылмыстық ұйымның) басқа қатысушылары қылмысқа қатысқаны үшін, сондай-ақ өздері дайындауға немесе жасауға қатысқан қылмыстар үшін қылмыстық жауапқа тартылады.

Ұйымдасқан қылмыстық топтар- бірнеше қылмыстық топтардан тұрады. Мысалы: Москва пен Подмосквьедегі Солнцевская, люберетская, долгопруденская топтары 300-500 дейін белсенді мүшелері бар. Қылмыстық әрекетті орындаудағы тәсілдеріне қарай екіге бөлінеді:

команда (бригада)- өздерінің жергілікті тұрақты территориялық белгілеріне қарай бөлінеді

община- көбінесе сырттан келген, жергілікті жердің тұрғындары емес (Закавказьеден, Азербайджан, шешен, грузин, дагестан) келген адамдардан тұрады. Кейбір лидерлері, қажетті капиталды жинағаннан кейін «жасыру» әрекетіне көшеді. Коммерциялық құрылымдарды, банктерде директор немесе гинеральдық жетекші қызметкері болады.

2) Қылмыстық топпен қай елгеде, мемлекетке де болмасын экономикалық және мәдени дамуына қауіптілік әкеледі. Қылмыстық топтар мемлекеттерде тез таралғанымен, қылмыстық топтарды жоюға, күресуге ұзақ уақыт қажет. Мәселен Италия еліне, билік етіп тұрған «мафияға» соң нүктесін қоюға, жоюға 200-дей жыл, АҚШқа қылмыстық топтармен күресуге 50жылдай керек болды.

И.Н.Сорокотягиннің ойынша, дәстүрлі ұйымдасқан қылмыстық топ психологиясына кіреді:

- 1) Қарапайым ұйымдасқан топ;
- 2) Қиын ұйымдасқан топ;
- 3) Ұйымдасқан қылмыстық топтама;
- 4) Бандиттік қалыптасу;
- 5) Қылмыстық қауымдастық;
- 6) Мафия;
- 7) Кәсіби қылмыстық лидерлердің кооперациясы («заңдағы ұры»).

Қылмыстық топтарды зерттеу, қылмыстың қалыптасуының келесідей қатысушыларының бар екендігіне тұжырым жасауға мүмкіндік береді:

«Жалған кәсіпкер» ақшамен, финанспен айналысатын алаяқ қылмыскер;

«Гангстер» негізгі қызмет түрі рәкет (білікті бопсалау);

«Гангстерлер» наркобизнес, құмар ойын бизнсі, жөзекшелік т.б. бақылайы;

«Қарақшы» сауда, жекешелендіру, шикізат сату аумағындағы қылмыстық топ;

«Жемқорлар» құқық қорғау органдарындағы, басқарудағы, билік органдарындағы мемлекет шенеуніктерінің тобы.

«Координаторлар» қылмыс әлеміндегі элитасы, «заңдағы ұрылыр» немесе авторитет. Координаторлардың белсенді жұмысы «мафия» болуын пайымдайды.

Лидер (ағылшынның «басты» деген сөзінен алғанда) – сол бірлестіктің мүддесін қанағаттандыруға бағытталған бірлескен қызметті біріктіру мақсатында басқаларға ықпал етуге қабілетті адам. Лидерге тән қасиеттер:



- 1) Жауапкершілікке және бастаған ісін аяқтауға күшті ұмтылысы;
- 2) Мақсатына жету жолындағы күш қайраты;
- 3) Бастамашылдығы;
- 4) Өзіне-өзінің сенімділігі;
- 5) Айналасындағылардың мінез-құлқына, іс-әрекетіне ықпал ету қабілеті;
- 6) Іс-әрекетінің және шешімдерінің салдарын «өзіне» қабылдау қабілеті;
- 7) Топтық фрустрацияға және ыдырауына қарсы тұра алатын қабілеті.

**Криминальды психологияда
қылмыстық топтардың
лидерлері басқару стиліне қарай
келесідей категорияларға
бөлінеді:**

1) Лидер-шабыттандырушы:
қылмыстық әрекеттің мақсаты мен міндетін, әрекет нормаларын анықтайды, өзінің бағдарламаларын ұсынады.

2) Лидер-ұйымдастырушы:
қылмыстық топ әрекетін ұйымдастырып және басқарады барлық топтардан пайда болған бағдарламаны жүзеге асырады.

3) Аралас типтегі лидер:
лидер-шабыттандырушы және лидер-ұйымдастырушы типтерінің элементтері бар яғни бір уақытта, бағдарламаны міндеттепте, бағдарламаның орындалуында ұйымдастырады.